

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 8 қарашада жарияланған

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Ә.А. Смайыловқа

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Әлихан Асханұлы!**

«Ақ жол» партиясы билік ойларына келгенін істеген отыз жылдағы мұнай-газ, яғни стратегиялық кен орындарымен жасалған құпия келісімшарттарды ашық жариялап, қайта қарауды, халыққа тиімсіз, әділетсіз келісімдерді тоқтатуды талайдан бері көтеріп келеді.

- Шетелдіктермен кен орындары жайлы жасасқан Өнімді бөлу Келісімдерін (ӨБК) ашық жариялау керек.

- Стратегиялық кен орындарындағы еліміз үлесі 51%-дан аз болмауын заңмен бекіту керек.

- Біз халқымызға қатысты әділетсіз болған жағдайда, Өнімді бөлу Келісімдерін заңсыз деп санаймыз.

**Өнімді бөлу туралы келісім** – қашанда елдің емес, инвестордың мүддесі мен пайдасын қорғайды. Дамыған елдерде мұндай келісім жасалмайды.

**Мысалы, БАҚ мәліметінше, мемлекетке Қашағандағы мұнай мұхитынан тиетіні тамшыдай - 2 пайыз ғана?!.**

**Ал Қашаған Қазақстанда өндірілетін бүкіл мұнайдың 20 пайызын береді. Осы орасан мұнай кенішінен бізге түсетін пайда жоқтың қасы болса, бұл жерде ешқандай да инвестордың елге тигізер игілігі жоқ, бұл халық үшін қорлық келісім! Біз осы қорлыққа отыз жылға жуық төзіп келеміз!**

Біздің шекесі тар шенеуніктер шешіміне сай, **жер қойнауының иесі** – Қазақстан халқы шетелдіктердің өз меншіктерін қалай пайдаланып жатқанын білмеуі керек?!.

Яғни, бар байлығыңды тонап жатқандардан «не істеп жатсындар?» деп сұрауға болмайды екен...

Конституцияға сәйкес, Қазақстанда халықаралық шарттар парламент оларды ратификациялаған жағдайда ғана ұлттық заңнамадан үстем бола алады.

Ал Өнімді Бөлісу Келісімі Парламентте талқыланбаған және ратификацияланбаған, сондықтан олар біздің заңдарымыз бен Конституциямызға бағынуы тиіс.

Біз Үкіметке құпия келісім (ӨБК) шарттарын жариялауды талап етіп, екі рет депутаттық сауал жолдадық, Үкімет екеуінде де бас тартты.

Екі рет Конституциялық сотқа жүгініп, Үкіметті Конституция нормасын орындауға міндеттеуді талап еттік. Конституциялық сот екі ретте де бұл мәселе құзыретімізге жатпайды деп жауап берді.

Конституциялық сот неге конституцияның негізгі бабын, басты талабын қорғамайды?

Онда Конституцияға «Жер мен жер қойнауы халыққа тиесілі» деп не үшін жазып қойдық!?

Халықтан жасырып, халық байлығын шетелге асырып отырғандардың атын білуге халықтың толық қақысы бар!

**Қара алтынымыз, мұнайымыз – экономикалық қан тамырымыз.**

**ҚАНЫМЫЗДЫ КІМДЕР ҚАЛАЙ СОРЫП ЖАТҚАНЫН БІЛУГЕ ҚАҚЫМЫЗ БАР МА, ЖОҚ ПА?**

Қазақстанда Әлемдік Банк зерттеуінше, сирек асыл қазыналар жатқан 5 мың кеніштің байлығының құны 46 триллион доллардан асады!?.

Ал осы алтын қазынаның үстінде жалаңаяқ отырған елде балаларына сүт сатып әпере алмай отырған жұрт көп мырзалар...

Мұнайға ие болғандар құдайға бағынғысы келмей жатқан заманда Мұнай мен газдың үстінде тезек жағып отырып, өзге елдердің соңында тезек теріп қалдық.

Халық байлығын Халықтан жасырған Келісімдерді Заңсыз деп танымыз!

Иә, отыз жыл жасырылған миналар жарыла бастады.

Қаңтар қасіреті де, Қарағанды қайғысы да сол жарылыстар!

Әдеттегідей, кезекті рет болып отырған Қарағандыдағы қаралы оқиға жүздеген адам өмірін қиды. Кеншілердің қауіпсіздігін, өмірін ойламайтын, тек темірі мен көмірін ойлайтын, көмір қазушыларды қабір қазушыларға айналдырған қандай келісім-шарт ол?!.

**Қаптаған қабірлердің үстінде Митталдың миллиардтар санауы, ал біздің құрбандықтар санауымыз қашан тоқтайды?!.**

Халық түбегейлі өзгерісті, Әділетті Қазақстанды ертең емес - бүгін, қағаз жүзінде емес - өмірде көргісі келеді!

**Ұсыныстар:**

**1. БАРЛЫҚ ӘДІЛЕТСІЗ ЖАСАЛҒАН КЕН ОРЫНДАРЫ КЕЛІСІМДЕРІН ЗАҢСЫЗ ДЕП САНАЙМЫЗ! ОЛАРҒА ТҮГЕЛ АУДИТ ЖАСАЛУЫ ТИІС.**

**2. Алдағы уақытта жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында қоғам үшін жабық баптар мен нормаларды қолдануға тыйым салуды талап етеміз.**

**3. Конституция нормасына сай стратегиялық кен орындардағы Қазақстанның үлесін 51%-дан аз болмауын заңмен белгіледі ұсынамыз.**

**Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының мүшелері:**

**Қ. Иса  
А. Перуашев  
Д. Еспаева  
Е. Барлыбаев  
Е. Бейсенбаев  
А. Садықов**

**«Amanat» фракциясының мүшелері:**

**Д. Исабеков**

**«Қазақстан Халық партиясы»  
фракция мүшелері:**

**И. Смирнова**

**Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің  
бірмандатты депутаттар:**

**А. Құспан  
Е. Бапи**